# Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығы бойынша 1997 жылы коммуналдық шаруашылық объектілерінің құрылысына бағытталған республикалық бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 9 шілдедегі N 1086

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес 1997 жылға арналған коммуналдық шаруашылық объектілерінің құрылысына жұмсалатын күрделі салымдардың көлемі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаражаттың аталған мақсаттарға уақтылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі коммуналдық шаруашылық объектілері құрылысын жалпы үйлестіруді қамтамасыз етсін.

4. Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының, сондай-ақ Алматы қаласының әкімдері осы қаулыда көзделген қаражаттың тиімді игерілуі мен мақсатты пайдаланылуы жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті осы қаулыда көзделген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау орнатсын және тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлап отырсын.

6. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің

Ұлттық статистика агенттігі осы қаулыда көзделген коммуналдық шаруашылық объектілері құрылысының барысы туралы ай сайын ақпарат беріп отыруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 9 шілдедегі
N 1086 қаулысына
қосымша

1997 жылы коммуналдық шаруашылық объектілерінің

құрылысына жұмсалатын күрделі салымдардың
КӨЛЕМІ

| Тапсырысшы, объектінің атауы және орналасқан жері | Өлшем бірлігі | Қуаты | Іске қосу мерзімі | Күрделі салым. дардың көлемі (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| Барлығы: | | | | 500000 |
| соның ішінде: | | | | |
| Солтүстік Қазақстан облысының әкімі | | | | |
| Канализациялық тазарту құрылғылары, оңтүстік коллектор, Петропавл қаласы | тәулігіне мың текше метр | 82 | 1997 жыл | 53000 |
| Алматы қаласының әкімі "Водоканал" Су құбыры канали. зациялық шаруашылы. ғының Алматы қалалық өндірістік бірлестігі | | | | |
| Сорбұлақ оң жағалау каналын авариялық алыстату (қосу кешені), Алматы облысы | км | 28,2 | 1999 жыл | 252000 |
| Шығыс Қазақстан облысының әкімі | | | | |
| Сарқынды суды биологиялық тазарту құрылғыларын кеңейту (қосу кешені), Өскемен қаласы | тәулігіне мың текше метр | 88 | 1997 жыл | 195000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК